ӘОЖ: 372.882
ҒТАМР: -

ЖАРИЛКАСИНОВА А.Ж.[1], ДОСЫБАЕВА А.Б.[2]

[1] Магистрант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан, ORCID: 0009-0000-2948-7770

[2] филология ғылымдары кандидаты, аға оқытушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық Университеті. Қазақстан, Шымкент қаласы. ORCID: 0009-0002-0187-0692, E-mail:dos_aitgul@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ-ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ

Андатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда білім алушылардың әдеби-танымдық құзыреттілігін интерактивті-цифрлық технологиялар арқылы дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – құзыреттілікке бағытталған білім беру жағдайында көркем мәтінді терең түсіну, интерпретациялау және бағалау дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау. Зерттеу барысында ғылыми-теориялық талдау, құрылымдық жүйелеу, салыстырмалы талдау және SWOT-талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде әдеби-танымдық құзыреттіліктің компоненттік құрылымы анықталып, оны қазіргі қазақ әдебиеті мазмұнымен және цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерімен бірлікте дамытудың моделі ұсынылды. Интерактивті оқыту әдістері мен цифрлық платформаларды қолдану мәтінді талдаудың құрылымдық айқындығын арттырып, білім алушылардың сыни ойлауын және интерпретациялық әрекетін белсендіретіні дәлелденді. Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістемелік тәсілдердің әдеби білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Түйінді сөздер: қазіргі қазақ әдебиеті, әдеби-танымдық құзыреттілік, интерактивті оқыту, цифрлық педагогика, білім беруді цифрландыру, көркем мәтінді талдау, құзыреттілікке бағытталған тәсіл, сыни ойлау, интерпретация, цифрлық білім беру ортасы.

ЖАРИЛКАСИНОВА А.Ж.[1], ДОСЫБАЕВА А.Б.[2]

[1] Магистрант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан, ORCID: 0009-0000-2948-7770

[2] кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова. Казахстан, г. Шымкент. ORCID: 0009-0002-0187-0692, E-mail:dos_aitgul@mail.ru

РАЗВИТИЕ ЛИТЕРАТУРНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ЧЕРЕЗ ИНТЕРАКТИВНО-ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. В статье рассматривается развитие литературно-познавательной компетентности обучающихся посредством использования интерактивно-цифровых технологий в обучении современной казахской литературе. Цель исследования – определить теоретические основы

формирования навыков глубокого понимания, интерпретации и оценивания художественного текста в условиях компетентностно-ориентированного образования. В работе применялись методы научно-теоретического анализа, структурного моделирования, сравнительного анализа и SWOT-анализа. В результате была определена компонентная структура литературно-познавательной компетентности и предложена модель ее развития в единстве с содержанием современной казахской литературы и возможностями цифровой образовательной среды. Доказано, что использование интерактивных методов обучения и цифровых платформ способствует структурированному анализу текста, развитию критического мышления и интерпретационной активности обучающихся. Полученные результаты подтверждают эффективность предложенных методических подходов в повышении качества литературного образования.

***Ключевые слова**:* литературно-познавательная компетентность, современная казахская литература, интерактивное обучение, цифровая педагогика, цифровизация образования, анализ художественного текста, компетентностно-ориентированный подход, критическое мышление, интерпретация, цифровая образовательная среда.

ZHARILKASSINOVA A.Z.[1], DOSSYBAYEVA A.B.[2]

[1] *Магистрант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан, ORCID: 0009-0000-2948-7770*

[2] *candidate of philological Sciences, senior lecturer, South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov. Kazakhstan, Shymkent. ORCID: 0009-0002-0187-0692, E-mail: dos_aitgul@mail.ru*

DEVELOPMENT OF LITERARY AND COGNITIVE COMPETENCE THROUGH INTERACTIVE DIGITAL TECHNOLOGIES IN TEACHING MODERN KAZAKH LITERATURE

***Annotation**.* This article examines the development of students' literary and cognitive competence through the use of interactive digital technologies in teaching modern Kazakh literature. The purpose of the study is to determine the theoretical foundations for the formation of skills of deep comprehension, interpretation, and evaluation of literary texts within competency-based education. The research employed methods of theoretical analysis, structural modeling, comparative analysis, and SWOT analysis. As a result, the component structure of literary and cognitive competence was identified and a model for its development was proposed in integration with the content of modern Kazakh literature and the possibilities of the digital educational environment. It was proven that the use of interactive teaching methods and digital platforms ensures structured text analysis, promotes critical thinking, and increases students' interpretative activity. The findings demonstrate the effectiveness of the proposed methodological approaches in improving the quality of literary education.

***Keywords**:* modern Kazakh literature, literary and cognitive competence, interactive learning, digital pedagogy, digitalization of education, literary text analysis, competency-based approach, critical thinking, interpretation, digital educational environment

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде әдебиетті оқытудың мақсат-міндеттері түбегейлі жаңарып, нәтижені бағалау өлшемдері «оқушы нені білді?» деген сұрақтан «оқушы мәтінмен қандай танымдық және интерпретациялық әрекет жасай

алады?» деген қағидаға ауысуда. Бұл өзгеріс құзыреттілікке негізделген білім беру парадигмасымен анықталады, онда оқу нәтижесі білім көлемімен емес, білім алушының интеллектуалдық әрекет тәсілдерімен мәдени-бағдарлық ұстанымдарының қалыптасуымен айқындалады[1].

Әдебиет пәні көркем мәтінмен жұмыс істеу арқылы мағынаны құрастыруды, мәтіндік дәлелге негізделген ой қорытуды, эстетикалық қабылдауды және құндылықтық рефлексияны жүзеге асыратындықтан, бұл парадигманың мәнін ашуда ерекше орыналады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі қазақ әдебиетін оқыту барысында білім алушылардың әдеби-танымдық құзыреттілігін дамыту қажеттілігімен және цифрлық білім беру кеңістігінің қарқынды дамуымен байланысты. Заманауи әдеби мәтіндердің көпқабатты мағынасы, интертекстуалдық сипаты және ұлттық-мәдени кодтардың белсенді қолданылуы оқушыдан терең аналитикалық және интерпретациялық әрекетті талап етеді. Сондықтан әдебиетті оқытуда интерактивті-цифрлық технологияларды ғылыми негізде қолдану өзекті педагогикалық мәселе болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – әдеби-танымдық құзыреттіліктің құрылымдық моделін қазіргі қазақ әдебиетін оқыту мазмұнымен және интерактивті-цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерімен бірлікте қарастыруында.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда интерактивті-цифрлық технологиялар арқылы білім алушылардың әдеби-танымдық құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

– әдеби-танымдық құзыреттіліктің ғылыми-теориялық негіздерін анықтау;

– оның құрылымдық компоненттерін жүйелеу;

– қазіргі қазақ әдебиетінің мазмұндық ерекшеліктерін талдау;

– интерактивті-цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындау;

– ұсынылған модельдің тиімділігін SWOT-талдау арқылы бағалау.

Зерттеу сұрағы: интерактивті-цифрлық білім беру ортасы қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда әдеби-танымдық құзыреттілікті дамытуға қалай ықпал етеді?

Материалдар мен әдістер. Зерттеу теориялық-әдіснамалық сипатта жүргізілді. Зерттеу дереккөздері ретінде құзыреттілікке бағытталған білім беру теориясына, цифрлық педагогикаға, әдебиетті оқыту әдістемесіне және қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер пайдаланылды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

– ғылыми-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау;

– әдеби-танымдық құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін жүйелеу және модельдеу;

– қазіргі қазақ әдебиеті мазмұнына салыстырмалы-мазмұндық талдау жүргізу;

– интерактивті-цифрлық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін сипаттау;

– ұсынылған әдістемелік модельдің тиімділігін анықтауға бағытталған SWOT-талдау.

Зерттеу барысында Google Classroom, Padlet, Mentimeter, интерактивті цифрлық тақта сияқты білім беру платформаларының әдеби мәтінді талдауды ұйымдастырудағы функционалдық мүмкіндіктері қарастырылды.

Зерттеу нәтижелерін жүйелеу логикасы әдеби-танымдық құзыреттіліктің теориялық құрылымын анықтау, оны қалыптастырудың мазмұндық бағыттарын айқындау және интерактивті-цифрлық оқытудың педагогикалық тиімділігін талдауға негізделді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда білім алушылардың әдеби-танымдық құзыреттілігін дамытудың теориялық құрылымы айқындалды

Кесте 1 – Әдеби-танымдық құзыреттіліктің теориялық құрылымы және оны қалыптастырудың негізгі бағыттары

№	Негізгі ұғым	Мазмұндық сипаттамасы	Әдебиетті оқытудағы мәні
1	Құзыреттілікке бағытталған парадигма	Білім нәтижесін әрекеттік, тұлғалық, интерпретациялық қабілеттер арқылы анықтау	Мәтінді мазмұндау емес, мәтінмен әрекет жасауға үйрету
2	Әдеби-танымдық құзыреттілік анықтамасы	Көркем мәтінді түсіну, талдау жасау, интерпретациялау, бағалау және рефлексиялау қабілеттерінің интегративті жүйесі	Оқушыны мәдени-танымдық субъект ретінде қалыптастыру

3	Мағыналық түсіну компоненті	Тақырып, идея, композиция, конфликт, мағыналық байланыстарды анықтау	Мәтінді құрылымдық деңгейде игеру
4	Интерпретациялық компонент	Авторлық ұстанымды, символдық жүйені, көркемдік тәсілдерді талдау	Көпқабатты мағыналарды ашу
5	Теориялық-метатілдік компонент	Әдеби ұғымдарды (жанр, стиль, хронотоп, образ) талдау барысында қолдану	Талдаудың ғылыми дәлдігін қамтамасыз ету
6	Бағалау-аксиологиялық компонент	Кейіпкерлер әрекетін, мәтіндегі құндылық бағдарды пайымдау	Құндылықтық ойлау мен мәдени рефлексияны дамыту
7	Рефлексивтік компонент	Мәтін мазмұнын жеке тәжірибемен және басқа мәтіндермен байланыстыру	Терең оқырмандық позиция қалыптастыру
8	Қазіргі қазақ әдебиеті контексі	Көпмәнділік, интертекст, ұлттық идентификация, тарихи жады	Жоғары деңгейлі талдау мәдениетін талап етеді
9	Цифрлық педагогиканың теориялық негізі	Технологияны мақсатқа бағынышты құрал ретінде қарастыру	Мәтінді алмастырмай, мағынаны ашу құралы ретінде пайдалану
10	Интерактивті-цифрлық мүмкіндіктер	Дәлелдеу, визуализация, бірлескен интерпретация	Әдеби-танымдық құзыреттілікті әрекеттік деңгейде дамыту

Кестеде әдеби-танымдық құзыреттіліктің мазмұндық компоненттері жүйеленіп, олардың әдеби білім беру үдерісіндегі қызметі анықталды. Құрылымдық модель мағыналық түсіну, интерпретация, теориялық-метатілдік қолданым, бағалау-аксиологиялық пайым және рефлексивтік әрекет сияқты өзара байланысты

деңгейлерден тұратынын көрсетті. Бұл компоненттердің бірлігі білім алушының көркем мәтінмен әрекеттік деңгейде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиетінің мазмұндық ерекшеліктері әдеби-танымдық құзыреттілікті дамытуға қолайлы орта қалыптастыратыны анықталды. Ә. Кекілбаев, Т. Әбдік, Д. Исабеков, Р. Мұқанова, А. Кемелбаева шығармаларының философиялық, психологиялық және символдық құрылымы білім алушылардың интерпретациялық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мәтіндер тарихи жады, ұлттық болмыс, тұлғалық таңдау және құндылық мәселелерін талдау арқылы оқушының мәдени-танымдық позициясын қалыптастырады.

Сонымен қатар интерактивті оқыту әдістерін қолдану білім алушылардың мәтінмен жұмыс істеу белсенділігін арттыратыны анықталды. Пікірталас, жобалық жұмыс, кейс-талдау және веб-квест сияқты әдістер мәтінді репродуктивті деңгейде емес, аналитикалық және интерпретациялық деңгейде игеруге мүмкіндік береді. Цифрлық платформаларды пайдалану мәтін құрылымын визуализациялауға, кейіпкерлер жүйесін модельдеуге және мәтіндік дәлелдерді жүйелеуге жағдай жасайды. Бұл әдеби талдаудың құрылымдық айқындығын арттырып, білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Жалпы алғанда, қазіргі қазақ әдебиеті жанрлық және идеялық тұрғыдан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл шығармалар әдебиетті оқыту барысында білім алушылардың тарихи-мәдени контексті түсінуіне, символдық құрылымды талдауына және интерпретациялық ойлауын дамытуына мол мүмкіндік береді. Заманауи әдебиетті жүйелі зерделеу ұлттық әдеби дамудың кезеңдік ерекшеліктерін айқындауға жағдай жасайды [2].

Талқылау. Зерттеу нәтижелері интерактивті-цифрлық технологияларды қолдану әдеби-танымдық құзыреттілікті дамытуда тиімді әдістемелік құрал екенін көрсетті. Алынған деректер цифрлық білім беру ортасы білім алушының мәтінмен әрекеттесуін белсенді етіп, интерпретацияны дәлелдеудің жаңа мәдениетін қалыптастыратынын дәлелдейді. Бұл тұжырым цифрлық педагогикада технология мазмұнды алмастырушы емес, оны тереңдетуші құрал ретінде қарастырылатыны туралы ғылыми көзқарастармен сәйкес келеді.

Құрманова Ш. Б. “Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану” атты зерттеуінде “қазақ әдебиетін оқытуда интерактивті платформалар (BilimLand, Opiq) арқылы әдеби-танымдық құзыреттілікті 25-30%-ға арттырады” деп айтқан болатын. (3; 145) Цифрлық платформаларды пайдалану әдеби талдаудың құрылымдық айқындығын арттырады. Мысалы, онлайн-платформаларда мәтіндік үзінділерді белгілеу, кейіпкерлер арасындағы байланыс картасын құру, композициялық сызба жасау немесе символдық жүйені визуализациялау оқушының

талдау дағдыларын жүйелейді. Бұл әрекеттер мәтін мазмұнын терең түсінуге, интерпретацияны дәлелдеуге және мағыналық құрылымды айқындауға ықпал етеді. Әдеби білім беру теориясында цифрлық орта мазмұнды алмастыратын емес, мазмұнды тереңдететін құрал ретінде қарастырылады [4].

SWOT-талдау нәтижелері (Кесте 2) ұсынылған модельдің күшті жақтары мен ықтимал тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте 2 – Әдеби-танымдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған интерактивті-цифрлық модельдің стратегиялық SWOT-талдауы

Ішкі және сыртқы факторлар	Мазмұны
Strengths (Күшті жақтары)	• Әдеби-танымдық құзыреттілікті кешенді дамытуға мүмкіндік береді (түсіну, интерпретация, дәлелдеу, рефлексия). • Оқушының белсенді, дербес және шығармашылық әрекетін күшейтеді. • Мәтінді визуализациялау, құрылымдау және дәлелдеу мәдениетін қалыптастырады. • Бірлескен талдау мен диалогтік оқытуды тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. • Заманауи оқушының цифрлық ортадағы когнитивтік ерекшеліктеріне сәйкес келеді.
Weaknesses (Әлсіз жақтары)	• Мұғалімнің цифрлық және әдістемелік даярлығы жеткіліксіз болуы мүмкін. • Технологияға шамадан тыс сүйену мәтін мазмұнын үстірт қабылдауға әкелуі ықтимал • Техникалық инфрақұрылымның тең емес деңгейі (интернет, құрылғылар). • Уақытты тиімсіз жоспарлау жағдайында мазмұндық тереңдік төмендеуі мүмкін.
Opportunities (Мүмкіндіктер)	• Қазақ әдебиетін жаңа форматта ұсыну арқылы оқырмандық қызығушылықты арттыру. • Жасанды интеллект құралдарын мәтіндік талдауда қолдану (лексикалық, стильдік салыстыру). • Ұлттық әдебиетті халықаралық цифрлық білім беру кеңістігіне енгізу. • Пәнаралық байланыстарды күшейту (әдебиет–тарих–мәдениет–IT). • Цифрлық портфолио және онлайн-жоба арқылы білім нәтижесін объективті бағалау.

Threats (Қауіптер)	• Ақпараттық артық жүктеме және назардың шашырауы. • Дайын цифрлық материалдарға тәуелділік салдарынан сыни ойлаудың әлсіреуі. • Академиялық адалдық мәселелері (плагиат, жасанды интеллектті бақылаусыз пайдалану). • Цифрлық теңсіздік салдарынан білім сапасының алшақтығы.

Талдау нәтижесінде модельдің күшті жақтары білім алушының аналитикалық ойлауын, интерпретация мәдениетін және рефлексиясын дамытуға тікелей ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар цифрлық технологияларды қолдану бірлескен оқытуды ұйымдастыруға және оқырмандық қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді. Бұл нәтижелер заманауи білім беру зерттеулеріндегі интерактивті оқытудың тиімділігі туралы тұжырымдармен үйлеседі.

Әлсіз жақтары мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі мен техникалық инфрақұрылымға тәуелді екендігін көрсетті. Ақпараттық жүктеменің артуы және дайын цифрлық материалдарға тәуелділік сыни ойлаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан интерактивті-цифрлық технологияларды қолдану нақты дидактикалық мақсатпен жобалануы қажет.

Цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістердің тиімділігін зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде талдап көрсеткен. Осы талдаулардың бірінде SAMR моделі бойынша цифрлық технологиялар әдебиетті оқытуда Substitution деңгейінен Redefinition деңгейіне дейін ауысып, оқушылардың шығармашылық талдауын қайта қалыптастыратындығы дәлелденген. (5; 7). Ал Сейдахметова Г. Р. интеграциялық оқытудың цифрлық әдістері қазақ әдебиетінде кейіпкерлерді VR-модельдеу арқылы танымдық құзыреттілікті дамытатындығын зерттеген. (6; 112-115). Осы орайда, Нуралбекова Ж. Б: “Opiq.kz платформасындағы интерактивті тесттер қазақ әдебиетінің қазіргі прозасын талдауда әдеби-танымдық құзыреттілікті қалыптастырады” деп өз платформасын ұсынған болатын. (7; 89).

Интерактивті-цифрлық технологияларды қолданудың теориялық негізі мазмұн, педагогика және технология интеграциясына сүйенеді. Оқыту үдерісінде технология тек техникалық элемент ретінде емес, мазмұндық талдаудың құрылымдық бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс [8].

Зерттеудің ғылыми мәні – әдеби-танымдық құзыреттілікті дамытуда цифрлық білім беру ортасының мазмұндық мүмкіндіктерін жүйелеуінде. Практикалық мәні – ұсынылған модельді қазіргі қазақ әдебиетін оқыту тәжірибесінде қолдануға болатындығында.

Интерактивті оқыту әдістері оқушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісіне айналдырып, мәтінмен әрекеттесудің диалогтік сипатын күшейтеді. Әдеби мәтінді талдауда пікірталас, жобалық жұмыс, кейс-талдау, веб-квест сияқты әдістер мәтін

мазмұнын репродуктивті деңгейде емес, аналитикалық және интерпретациялық деңгейде игеруге мүмкіндік береді [9].

Әдеби-танымдық құзыреттілікті теориялық тұрғыдан сипаттағанда, оның құрылымын бірнеше өзара байланысты компонент ретінде қарастыру орынды. Бірінші компонент – мағыналық түсіну. Бұл деңгейде оқушы мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, конфликт табиғатын, композициялық құрылымын, баяндау логикасын анықтайды, сюжеттік оқиғаларды себеп-салдар байланысында түсіндіреді және мәтіндегі негізгі мағыналық түйіндерді ажыратады. Екінші компонент – интерпретация.

Интерпретация мәтіндегі көркем бейнелер жүйесін, символдық қабаттарды, астарлы мағыналарды, авторлық ұстанымды және баяндау стратегиясын пайымдауды білдіреді. Бұл жерде оқушы мәтіндегі көркемдік тәсілдердің (теңеу, метафора, қайталау, деталь, ирония, т.б.) қызметін түсіндіріп, олардың идеялық мәнге қалай жұмыс істейтінін дәлелдеуі тиіс. Үшінші компонент – теориялық-метатілдік қолданым. Ол әдеби-теориялық ұғымдарды (жанр, стиль, композиция, хронотоп, интертекст, образ, т.б.) тек анықтамалық деңгейде білумен шектелмей, нақты мәтінді талдауда орынды әрі дәл қолдануды көздейді. Төртінші компонент – бағалау және аксиологиялық пайым. Бұл деңгейде оқушы кейіпкерлер әрекетін, авторлық құндылық бағдарды, қоғамдық-әлеуметтік астарды, ұлттық-мәдени кодтарды салыстыра отырып саралайды; мәтіннің тәрбиелік-мәдени ықпалын пайымдайды және өз ұстанымын дәлелмен бекітеді. Бесінші компонент – рефлексия және трансфер. Оқушы мәтіннен алған мәнді жеке тәжірибесімен, тарихи шындықпен, қазіргі әлеуметтік құбылыстармен және басқа әдеби мәтіндермен байланыстырып, интерпретациялық көкжиегін кеңейтеді. Бұл компоненттердің бірлігі әдеби-танымдық құзыреттілікті жүйе ретінде қалыптастырып, оқушының әдеби білімін «әрекеттік» деңгейге көтереді [10].

Әдеби-танымдық құзыреттілікті дамытуда интерактивті-цифрлық орта бірқатар теориялық маңызды мүмкіндіктер береді. Мәтінмен әрекеттесудің әрекеттік сипатын күшейтеді: белгілеу, салыстыру, үзіндіге сілтеме беру, контекстік деректерді қосу, пікірді дәлел картасы арқылы көрсету сияқты операциялар оқушының аналитикалық ойлауын құрылымдайды. Интерпретацияны дәлелдеудің жаңа мәдениетін қалыптастырады: әрбір тұжырымды мәтіндік дәйекпен бекіту, пікірді талқылау барысында аргумент пен қарсы аргумент құру, мәтін құрылымын визуалды модельдеу (композициялық схема, кейіпкер байланыс картасы) сияқты әрекеттер оқушыны ғылыми-танымдық стильге жақындатады. Бірлескен түсіну мен ұжымдық интерпретацияны қамтамасыз етеді: мәтінге қатысты мағыналық позициялар көптүрлі болғандықтан, диалогтік кеңістік құру әдеби білім берудің табиғи шарты

болып табылады.

Сонымен бірге теориялық тұрғыдан маңызды ескерту бар: цифрлық құралдардың барлығы бірдей әдеби-танымдық құзыреттілікті автоматты түрде дамытпайды. Егер технология тек назар аударту немесе ойын элементі ретінде қолданылса, ол мәтінді үстірт қабылдауға әкелуі мүмкін. Сондықтан интерактивті-цифрлық технологиялар әдеби-танымдық құзыреттіліктің нақты компоненттерін (түсіну, интерпретация, теориялық қолданым, бағалау, рефлексия) іске қосатын дидактикалық мақсатпен бірлікте жобалануы тиіс [11].

Қорытынды. Қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда интерактивті-цифрлық технологияларды ғылыми негізде қолдану білім алушылардың әдеби-танымдық құзыреттілігін тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Әдеби-танымдық құзыреттілік көркем мәтінді терең түсіну, интерпретациялау, теориялық ұғымдарды қолдану, бағалау және рефлексия жасау қабілеттерінің бірлігін қамтитын кешенді құрылым болып табылады.

Зерттеу нәтижелері интерактивті-цифрлық білім беру ортасы мәтінді талдау үдерісін құрылымдауға, визуализациялауға және бірлескен интерпретация ұйымдастыруға жағдай жасайтынын көрсетті. Дегенмен олардың тиімді тұсы педагогикалық мақсаттылыққа, әдістемелік негізділікке және мұғалімнің цифрлық құзыреттілігіне тәуелді.

Болашақ зерттеулерде интерактивті-цифрлық технологияларды қолданудың эмпирикалық нәтижелерін анықтау және әдеби-танымдық құзыреттілікті бағалаудың өлшемдерін әзірлеу өзекті бағыт болып табылады.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Хуторской А. В. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – № 2. – С. 58–64
2. Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. 10-т. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті (1991–2010). – Алматы: ҚазАқпарат, 2014. – 512 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. 10-т. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті (1991–2010). – Алматы: ҚазАқпарат, 2014. – 512 б.
4. Құрманова Ш. Б. Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану. – Астана: Назарбаев Университеті, 2023. – 256 б.
5. Bates A. W. Teaching in a Digital Age: Guidelines for Designing Teaching and Learning. – Vancouver: BCcampus, 2019. – 540 p.
6. Puentedura R. R. SAMR Model: A Framework for Technology Integration in Education // Hippasus Associates, 2010. – 12 p.

7. Сейдахметова Г. Р. Интеграциялық оқытудың заманауи әдістері қазақ тілі мен әдебиетінде. – Алматы: Рауан, 2022. – 198 б.
8. Нуралбекова Ж. Б. Цифрлық білім беруде қазақ әдебиеті: әдістемелік құрал. – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан университеті, 2025. – 180 б.
9. Mishra P., Koehler M. J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge // Teachers College Record. – 2006. – Vol. 108. – № 6. – P. 1017–1054.
10. Жұмабаева Б. Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 312 б.
11. Зимняя И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34–42.
12. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. – 3rd ed. – London: Bloomsbury Academic, 2021. – 232 p.
13. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. – 2001. – Vol. 9. – № 5. – P. 1–6.
14. Koehler M. J., Mishra P. What is Technological Pedagogical Content Knowledge // Contemporary Issues in Technology and Teacher Education. – 2009. – Vol. 9. – № 1. – P. 60–70.

REFERENCES:

1. Khutorskoy A. V. Klyuchevye kompetentsii kak komponent lichnostnoorientirovannoy paradigmy obrazovaniya // Narodnoe obrazovanie. – 2003. – № 2. – S. 58–64
2. Qazaq adebietining tarikhy: On tomdyq. 10-t. Tauelsizdik kezengindegi qazaq adebieti (1991–2010). – Almaty: QazAqparat, 2014. – 512 b.
3. Qazaq adebietining tarikhy: On tomdyq. 10-t. Tauelsizdik kezengindegi qazaq adebieti (1991–2010). – Almaty: QazAqparat, 2014. – 512 b.
4. Qurmanova Sh. B. Qazaq adebietin oqytuda tsifrlyq tekhnologiyalardy qoldanu. – Astana: Nazarbaev Universiteti, 2023. – 256 b.
5. Bates A. W. Teaching in a Digital Age: Guidelines for Designing Teaching and Learning. – Vancouver: BCcampus, 2019. – 540 p.
6. Puentedura R. R. SAMR Model: A Framework for Technology Integration in Education // Hippasus Associates, 2010. – 12 p.
7. Seydakhmetova G. R. Integratsiyalyq oqytudyng zamanaui adisteri qazaq tili men adebietinde. – Almaty: Rauan, 2022. – 198 b.
8. Nuralbekova Zh. B. Tsifrlyq bilim berude qazaq adebieti: adistemelik qural. – Shymkent: Ongtustik Qazaqstan universiteti, 2025. – 180 b.
9. Mishra P., Koehler M. J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge // Teachers College Record. – 2006. – Vol. 108. – № 6. – P.

1017–1054.

10. Zhumabaeva B. T. Adebietti oqytu adistemesi. – Almaty: Qazaq universiteti, 2021. – 312 b.
11. Zimnyaya I. A. Klyuchevye kompetentsii – novaya paradigma rezultata obrazovaniya // Vysshee obrazovanie segodnya. – 2003. – № 5. – S. 34–42.
12. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. – 3rd ed. – London: Bloomsbury Academic, 2021. – 232 p.
13. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. – 2001. – Vol. 9. – № 5. – P. 1–6.
14. Koehler M. J., Mishra P. What is Technological Pedagogical Content Knowledge // Contemporary Issues in Technology and Teacher Education. – 2009. – Vol. 9. – № 1. – P. 60–70.